

# Оперативті басқару, жоспарлау, басқару шешімдерін қабылдау.



**Орындаған: Әсіл Жібек**

**Тобы: ЖМ, 11-19-2к**

**Тексерген: Байзаханов А.А**

# Жоспары:

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
  - ✓ *Жалпы менеджментке түсінік*
  - ✓ *Субъектісі мен объектісі*
  - ✓ *Оперативті басқару, жоспарлау, басқару шешімдерін қабылдау және бақылау.*
  - ✓ *Дәрігерлерге ескертпе*
- Қорытынды бөлім
- Пайдаланылған әдебеттер

# Кіріспе



## Менеджмент

(ағылшынша *manage* – басқару, меңгеру, ұйымдастыру) – ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, әлеуметтік, оның ішінде білім беру үрдістерін басқару принциптері, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы. “Менеджмент” ұғымының мәні мен мазмұны “басқару” түсінігіне ұқсас. Сонымен қатар менеджмент жоспарлау, ұйымдастыру, үйлестіру, бақылау, ынталандыру сияқты қызметтерді атқарады.



Фредерик Уинслоу Тейлор (Frederick Winslow Taylor; 1856–1915) — американский инженер, исследователь и организатор управления, основоположник научной организации труда и управления предприятиями — менеджмента.

# Менеджменттің басты функциясы

Басқару – жекелеген ұйымның көздеген мақсатына жету үшін жоспарланған іс-әрекеттері.

Басқарудың процесі

жоспарлау

ұйымдастыру

ынталандыру

бақылау

Коммуникация /кері байланыс/



# *Басқарудың объектісі мен субъектісі*

Жалпы басқарудың туындауы – ол бірнеше адамдардың ұйымдасуымен , ортақ бір қызметке жету үшін арнайы жүйені қалыптастыру.

Денсаулық сақтау жүйесінде Басқарушылық қызмет ие болады:

- ✓ басқарушы субъектісі (тот, кто управляет (руководители));
- ✓ басқарылушы объект (те, кем или чем управляют (трудовые, финансовые, материальные, информационные ресурсы).



# ЕАМ басқарудың субъектісінің 3 деңгейі болады

1 стратегиялық (бас дәрігер)

Стратегиялық деңгейдегі міндет:

- ЕАМ мүмкіндіктерін есептеуімен жаңа мақсаттарды көздеу
- жоспарланған көлемдерде қойылған мақсаттарына жетуді белгіленген уақытта жүзеге асыру
- ЕАМ қызметін жетілдіруі.

2 тактикалық (басты дәрігердің орынбасарлары, басты мейірбике)

Тактикалық деңгейдегі міндет:

- оңтайлы ресурстарды бөлу;
- мақат пен әдістер толық қанды қарастырылады
- нәтижелерді ,жетістікті бақылау.

3 Оперативті (бөлімшелер меңгерушісі, аға мейірбике)

Оперативті деңгейдегі міндет:

- бар ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- бөлімшелердегі өндірістік процестерді тиімді орындауды қамтамасыз ету;
- бақылау.



## *Оперативті басқару дегеніміз-*



*Жетекшілікті қамтитын,  
ұйымның стратегиясы  
негізінде орындалатын және  
үнемі орындалып, тұрақты  
бақыланатын оперативті  
мақсаттар мен  
жоспарларды жүзеге  
асыратын басқару түрі  
болып табылады.*



**Мақсаты-** жоспардағы тапсырмаларды орындау және тапсырмалардың орындалмау мүмкіндіктерімен күресу.




# Оперативті басқару негізгі бес түрлі бағыт бойынша орындалады:

- ❖ Қаржы(қаржылық жоспарлау);
- ❖ Құрал-жабдықтармен, аспаптармен, техникамен қамтамасыз етілуі;
- ❖ Персонал(жұмысқа алу, оқыту, қайталап оқу, іріктеу, квалификациясын жоғарлату, кадр ротациясы);
- ❖ Ұйым қызметкерлерін ақпаратпен қамтамасыздандыру (ішкі және сыртқы орта анализі, маркетингтік зерттеу);
- ❖ Жұмысты уақытша басқару(график құру, Гант графигі);



# Гант графигі

- ([англ. Gantt chart](#), также **ленточная диаграмма**, **график Ганта**) — это популярный тип столбчатых **диаграмм** (**гистограмм**), который используется для иллюстрации плана, графика работ по какому-либо **проекту**. Является одним из методов планирования проектов. Используется в приложениях по **управлению проектами**.
- Первый формат диаграммы был разработан **Генри Л. Гантом** в 1910 году



## **Оперативті жоспар -**

ұйымның өз мақсатына қол жеткізумен тікелей байланысты тактикалық жоспар. Оған мысал ретінде жылдық немесе тоқсандық бюджеттер түрінде қалыптасатын қысқа мерзімді ұйым жоспарын айтуға болады.



- ❖ **Оперативті бақылау дегеніміз-** пайдаланбаған резервтерді, қойылған мақсаттарға жетудегі нәтижелерді талдау және бағалау.
- ❖ Бақылау жоспарлау процесін аяқтап және жаңа жоспарлау шешімдеріне бастама болады. Тиімді бақылау басқарудың — жоспарлау, ұйымдастыру және мотивациялау сияқты функцияларымен үнемі байланысты болу керек. Бақылау функциясының нәтижесі жоспарды қайта құру, ұйымның басқару құрылымын жетілдіру, мадақтау жүйесін жақсарту т.б. түрінде болуы мүмкін.



# Оперативті бақылау



- ✓ Оперативті бақылау күнделікті операцияларды бақылап, қайталана береді және автоматизациялануға оңай көнеді.
- ✓ Бақылау әртүрлі бөлімшелер жұмыстарының нәтижесі туралы информацияны жинап, өңдеп және бара береді.
- ✓ Бақылау функциясы — мезгіл-мезгіл басшыны күнделікті жұмыстардың жағдайын, яғни жоспарды орындау барысымен таныстыру болғандықтан, бақылау функциясы мен жоспарлау функциясы арасында тікелей байланыс бар.

# Бақылау процесс ретінде келесі этаптардан тұрады:

1. Өнірістік процесстерді орындау саласы және басқа операциялар салаларында стандарттарды тарайындау;
2. Нақтылы нәтижелерді нормалармен салыстырып ауытқуларды анықтау;
3. Ауытқуларды жоюға немесе жоспар мен нормаларды қайта құру арқылы іс-қимылдар ұйымдастыру.



*Бақылаудың тиімділігі шешімдердің қаншалықты жылдам және дәлелді қабылданатынына тәуелді. Бақылау жүйесі тиімді болса басшының назары маңызды мәселелер шешімдерінде болады.*





## ЕСКЕРТПЕ

К.Маркс өзінің «Капиталында»: «Менеджер дегеніміз – жалдамалы қызметкер» - деген. Ал қызметкерді жалдау деген, қанаумен тең болды.

*Менеджердің міндеттері:*

1. Басшы қызметкерлерді іріктеп, жұмысты жүйелеп бөліп, әрқайсысының міндеттерін анықтайды;
2. Әрбір қызметкерлердің ролін белгілеп, ұйымның құрылымын құрады;
3. Еңбек ақы құрылымын анықтап, қызметкерлердің штаттық кестесін белгілейді;
4. Жұмыс барысын бақылау арқылы мақтау немесе жазалау шараларын қолданады;
5. Еңбек нәтижесіне байланысты жоғарылату, төмендету және жұмыстан босату шараларын қолданады.

Менеджер осы аталған міндеттерді орындай отырып, басқару ісінде, адамдармен қарым-қатынаста өзінің аса бағалы қасиеттерін көрсете білуі керек.





менеджерге мынадай *талаптар* қояды:

- басшы өз ісіне сенімді болуы, батыл мақсат қойғыш, табанды болуы және осы қасиеттерін қол астындағыларға көрсете білуі тиіс;
- басшы қуғындаушы болмауы тиіс, нағыз басшы қарамағындағыларды баулып алға тартады;
- басшы ұйымдастыру және басқару туралы ғылымды жетік білуі тиіс;
- басшы қатал, әрі талап қойғыш болуы тиіс;
- сынды қабылдай білуі, өзі де әділ сынай білуі тиіс;
- басшы жылы шырайлы, әдепті болуы тиіс;
- әзілдей білуі және әзіл-қалжыңды түсіне білуі тиіс, адамдардың көңіл-күйі жақсы болса, еңбек өнімділігі артады;
- табандылық пен өжеттілік;
- тәуекел етуге дайын тұру (біреуге жалтақтамай іске бел шешіп кірісу);
- болып жатқан өзгерістерді жіті қадағалау;
- байланыс орнатуға қабілеттілік (коммуникабельность).

# Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Основы менеджмента: Учеб. для вузов / Д.Д. Вачугов, Т.Е. Березина, Н.А. Кислякова и др.; Под ред. Д.Д. Вачугова. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Высшая школа, 2003.
2. Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент: Учебник. - М.: Гардарики, 2007.
3. <http://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/98318>
4. <https://www.u-b-s.ru/personal/operativnoeupravlenie.html>